

«БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік
даму жөніндегі проректоры

Ж.Е.Ішпекбаев

2018 ж.



«Жиһанкез» туристік-экскурсиялық клубының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелері

1.1 «Жиһанкез» туристік-экскурсиялық клубының мүдделері ортақ, мақсат-мұраттары бір кафедра азаматтары мен азаматшаларының қоғам өмірінде туризм рөлін көтеру мақсатымен ерікті түрде құрылған клуб болып табылады;

1.2 Клубқа қабылданатын студент Университетіміздің (кез келген институтының) студенті болуға міндетті;

1.3 Клуб университетішілік үйірмелермен, клубтарымен және бірлестіктермен еріктілікті сақтай отырып өзара байланыста бола алады.

II. Клуб қызметінің мәні

2.1 Клуб жұмысы студенттердің білім деңгейін жетілдіру мен тәжірибе жинақтау мақсатында іс-шаралар атқарады. Осыған сәйкес азаматтарды патриоттыққа, адамгершілікке, салауаттылыққа, білімділікке, өнерпаздыққа, мәдениеттілікке, еңбексүйгіштікке, тәртіптілікке, заңға бағынушылыққа, бауырмалдыққа, ата-ананы, ұстазды, Елбасын құрметтеуге үйрету;

2.2 Экскурсия жұмыстары арқылы өскелең ұрпақты қазақ халқының мәдени мұрасын (тіл, әдебиет, тарих, өнер) танып білу мен құрметтеуге үйрету;

2.3 Жиналыстар, лекциялар, конференциялар, қоғам қайраткерлерімен кездесу және басқа көптеген шаралар өткізу;

2.4 Студент жастар арасында оқу және тәрбие процесінің тығыз байланыстығын қамтамасыз ету қағидаларын сақтай отырып, қоғамдық-саяси және мәдени-бұқаралық шаралар, жорықтар мен саяхаттар, экспедициялар ұйымдастыруға катысу;

2.5 Қазақстанның туристік бизнесінде білікті кәсіби маман азаматтарын тәрбиелеуде белсенді түрде атсалысу;

2.6 Беделді және шығармашыл жастарды іздестіру және тарату.

III. Клуб қызметінің мақсаты

3.1 Қазақстан Республикасының мәдени, ғылыми дамуына, салауатты, құқықтық өркениетті мемлекетке айналуына септігін тигізу;

3.2 Студенттер бойына халқының қадір-қасиетін сіңіріп, үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, кішіге қамқоршы болып өсуіне, инабаттылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу;

3.3 Туристік-экскурсиялық іс-шаралардың танымдық, тәрбиелік маңызы туралы мағлұмат беру, даналыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын молайту, елге жерге деген сүйіспеншілігін арттыру;

3.4 Туристік жорықтарға шыға отырып, студенттерге қосымша білім беру;

3.5 Студенттердің дүниетанымын кеңейту, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге дағдыландыру, логикалық ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту.

IV. Клуб мүшелік және клуб мүшесінің құқықтары мен міндеттері

4.1 Клуб мүшелігіне кіру:

•Клуб осы Ереже талаптарын мойындайтын институт студенттері бола алады;

•Клуб мүшелігіне қабылдау жазбаша өтініш негізінде жүзеге асады.

4.2. Клуб мүшесінің құқықтары:

•Клуб басшы органдарын сайлауға және оған сайлануға;

•Клуб өткізетін іс-шараларға қатысу;

•Клуб мақсатына сай лекция жүргізу;

•Клуб қызметіне өзінің қалай қатысуының түрлерін дербес таңдауға;

•Клуб мүшелігінен жеке арызының негізінде өз еркімен шығып кету.

4.3 Клуб мүшесінің міндеттері:

•Клубтың мақсат-мұраттарының жүзеге асуына белсенді түрде атсалысуға;

•Ереже талаптары мен клубтың барлық деңгейдегі басқару органдары қабылдаған шешімдерін орындауға;

•Клубтың жиналыстарына қатысуға;

•Ережені бұзғаны, клубтың атына кір келтіретін әрекеттерге жол бергені немесе оған зиян келтіргені үшін клуб мүшесіне ескерту жасалады;

•Клуб намысын қорғауға және оның лайықты өкілі болуға.

V. Клубтың құрылымы, қалыптастыру тәртібі және құзіреті

5.1 Клубтың құрылымы:

•Жоғарғы басқару органы – клуб жиналысы;

•Атқарушы органы – төраға;

•Ғылым бөлімі;

•Ұйымдастыру бөлімі;

Қажет болған кезде клуб басқа да органдар құра алады.

5.2 Клубтың жалпы жиналысы жоғарғы басқару органдары болып табылады;

5.3 Клубтың жалпы жиналысы клубтың мүшелерінен құралады;

5.4 Әрбір мүше клубтың жалпы жиналысына қатысады және бір ғана дауысқа ие;

5.5 Клуб жоғарғы басқару органдарының айрықша құзіретіне мынандай мәселелер жатады:

- Клубтың ережесіне толықтырулар мен өзгерістер қабылдау, енгізу;
- Клубтың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдау;
- Клубтың төрағасын сайлау, ұйымдастырушылық құрылымы, өкілеттігін құру және тоқтату тәртібін айқындау.

5.6 Клубтың жалпы жиналысының құзіретіне кіретін мәселелерді қоспағанда клуб қызметіне байланысты барлық мәселелерді төраға шешеді:

- Клубтың болашақтағы және кезекті міндеттерін айқындайды;
- Клуб туралы ережені жасау;
- Жұмыс істеу жоспарын жасап, оның орындалуын қадағалау;
- Қоғам мүшелерінің міндеттерін, олардың өкілдігін, жауапкершілігін анықтау;
- Қойылатын міндеттердің уақытында орындалуын қадағалау.

5.7 Клуб төрағасының құқықтары:

- Клуб мүшелерінің міндетін анықтау;
- Клуб мүшелерінің сұрақтары бойынша жиналыстар, семинарлар ұйымдастыру;
- Клуб кезекті және кезектен тыс жиналыстарын шақырды, күн тәртібіне мәселе қою;
- Өз орынбасарларының, басқа да клуб мүшелерінің міндеттерін белгілеу;
- Төраға Конференцияның, Үйлестіру Кеңесінің, клуб шешімдерін басшылыққа алып, соны орындау бағытында жұмыс жасайды.

VI. Клуб өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

- Клуб Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін клубтың кез келген мүшесі ұсынуға құқылы;
- Клуб Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесін клубтың кез келген уақытта жүзеге асыруға болады.